

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 25 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 7 тамыздағы № 107-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 25 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тиісті ведомстволық құқықтық актілерді қабылдасын және олар қабылданған күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

*А. Мамин*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2020 жылғы 7 тамыздағы  
№ 107-ө өкімімен  
бекітілген

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 25 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі**

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен енгізілуіне жауапты адам
1	2	3	4	5	6

1.	Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық кеңес құру туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	СИМ	2020 жылғы тамыз	Қ. Қ. Төребаев
2.	"Сауда базарларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпандағы № 131 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	СИМ	2020 жылғы тамыз	А . Асқарұлы
3.	"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 17 және 2019 жылғы 1 шілдедегі № 46 жарлықтарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 10 шілдедегі № 497 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	СИМ	2020 жылғы тамыз	Қ. Қ. Төребаев
4.	Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасының сақталуына тексеру парағын бекіту туралы	бірлескен бұйрық	СИМ, ҰЭМ	2020 жылғы тамыз	Қ. Қ. Төребаев Ж. Х. Мәдиев
5.	Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің бұйрығы	СИМ	2020 жылғы желтоқсан	Қ. Қ. Төребаев
6.	Тұтынушылық дауларды сотқа дейінгі реттеу субъектілерінің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің бұйрығы	СИМ	2020 жылғы тамыз	Қ. Қ. Төребаев
7.	"Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 264 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің бұйрығы	СИМ	2020 жылғы тамыз	А . Асқарұлы

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

СИМ - Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі;

ҰЭМ - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі.